

## БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

**2 бет** «ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ

«ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ МҰРАТ МАНОВТЫ ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

**3 бет** I ВАХТА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ

НАЗНАЧЕНИЕ

**4 бет** МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН, МҰНАЙШЫ ҚЫЗДАР!

ЛАБОРАНТ РОЗА - ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ!

**5 бет** МӘРТЕБЕСІ БИІК МҰНАЙШЫ ҚЫЗ

МҰНАЙШЫ АРУЛАР АРАСЫНДАҒЫ QUIZ

**6 бет** АМАЛ КЕЛДІ – ЖЫЛ КЕЛДІ!

**7 бет** БАҚ-БЕРЕКЕМ, ҚҰТ-МЕРЕКЕМ – ӘЗ-НАУРЫЗ!

ТӨРЛЕТ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

**8 бет** «САЛТ-ДӘСТҮРІМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»

ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ҚАЗАҚША «QUIZ»

**9 бет** ҚБМ МҰНАЙШЫСЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

КЕН ОРНЫНДА АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ

ҚАРАЖАНБАС БАЛУАНЫ ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

**10 бет** ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ЗИЯТКЕР МҰНАЙШЫЛАР БӘСЕКЕСІ

ЗЕЙНЕТ – АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

**11 бет** ЗЕЙНЕТ – ҚЫЗМЕТ ЖЕМІСІ

ЕР ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

**12 бет** БӨЦ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ СПОРТ БӘСЕКЕСІ



## «ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ

12 наурыз күні, Қаражанбас кен орнында «Қаражанбас-мұнай» АҚ (ҚБМ) басшылығының II вахта жұмысшыларына есеп беру кездесуі өтті. Жиналысқа ҚБМ Басқармасы, Бас директор орынбасарлары, департамент және цех басшылары мен еңбек ұжымы қатысты.

Кездесуде алғаш болып сөз алған Бас директор Марат Елеусінов қаражанбастықтарға 2023 жылы атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Одан соң қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік, геологиялық, экономикалық, коммерциялық, кадр және әлеуметтік сала басшылары өз бағыттары бойынша көрсеткіштерді таныстырып, алдағы жоспарларға тоқталды.

2023 жылы Қаражанбас кен орнында 2 053,0 мың тонна мұнай өндірілді. Алайда бұл көрсеткішке жету жолында бірқатар кедергілер туындады. Атап айтсақ, электр энергиясының бірнеше рет апаттық өшуі мен шектеулері өндіріске кері әсерін тигізіп, жылдық жоспардың 3,7 мың тонна орындалмауына әкелді. Дегенмен жұмысшыларының табанды еңбек етуі арқасында жылдық жоспар 99,8 пайызға сәтті орындалды.

Сондай-ақ мұнайды экспортқа тасымалдау жұмыстары да уақытылы жүргізілді. Қаражанбас кен орнынан ішкі нарық – «CASPI BITUM» БК» ЖШС-не мұнай жеткізу 853 000 тонна, жол битумын өндіру және жөнелту көлемі 357 000 тоннаны құрады.

Жалғасы 2-бетте





2023 жылы ҚР Мемлекеттік қорлар комитеті отырысында «Қаражанбас кен орны мұнай қорларының өсуі» есебі қабылданды. Бұл бойынша геологиялық қор 313 381 мың тонна, алынатын қорлар – 96 360 мың тонна болып бекітілді. 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда қара алтынның геологиялық қоры 2 404 мың тоннаға, ал алынатын қорлар 663 мың тоннаға ұлғайды. Бұл кен орны болашағының жарқын екенінің кепілі.

Жұмысшылардың еңбек және әлеуметтік жағдайларын жақсарту – басым бағыттардың бірі. Былтыр кен орындағы өндірістік емес және тұрмыстық қызмет, мұнай ұңғымаларына техникалық қызмет көрсету және құрылыс-монтаж жұмыстары үшін, сондай-ақ жүктерді тасымалдау және көтеру, персоналды тасымалдау үшін барлығы 140 техника берілді. Бұдан бөлек, №4 жатақхана аумағын кеңейту аясында 192 орындық төрт блоктан тұратын модульдік жатақхана құрылысы басталды. Өндірістік цехтардағы кеңселер мен санитарлық бөлмелерге, вахталық кенттегі №1 жатақхананың 5,6

подъездеріне толықтай күрделі жөндеу жүргізілді.

Жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтап, жазатайым оқиғаларды болдырмау бойынша жұмыстар қарқынды. 2023 жылы компанияда 9 жазатайым оқиға тіркелді. Оның екеуі өндіріске қатысты жазатайым оқиға, ал 7 жазатайым оқиға өндіріске қатысы жоқ фактілер. Былтырмен салыстырсақ, Компанияда қабылданған қауіпсіздік шаралары нәтижесінде өндірістегі жарақаттану мен жазатайым оқиғалар саны 6 оқиғаға немесе 71 % ға азайған.

Оған қоса «Қорғау» бағдарламасы бойынша қауіпті жағдайлар анықталып – 555 «Қорғау картасы» өңделді, 38 қауіпті жұмыс тоқтатылды. Сондай-ақ тарихи мұнаймен ластанған 63,6 гектар, яғни 213 мың 674 тонна топырақ қалпына келтірілді.

Осы және өзге де мәліметтер таныстырылған кездесу соңында жұмысшылар компания басшылығына сұрақ қойып, нақты жауап алды. Өз кезегінде ҚБМ Басқармасы мұнайшыларды ұйымшылдықпен еңбек етіп, компания жетістіктерін еселеуге шақырды.

## «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ МҰРАТ МАНОВТЫ ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) ұжымы корпоративтік қауіпсіздік қызметінің жетекшісі Мұрат Мановты құрметті демалысқа шығарып салды.

ҚБМ Басқармасы оның компания дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдіріп, дәстүр бойынша иығына ұлттық шапан жапты.

Мұрат Манов ғұмырының 30 жылға жуық уақытын еліміздің ішкі істер қызметі саласына арнаған маман. Соңғы 10 жылдан астам уақыт көлемінде ҚБМ-ның ішкі қауіпсіздік бағытындағы қиын да қызықты қызметін асқан жауапкершілікпен

атқарды. Қызметтегі жылдап кәсібилік, тиянақтылық қасиеттерімен ұжымға үлгі болған ол, Қоғамның дамуы мен өркендеу тарихына өз қолтаңбасын қалдырды.

«Талай жыл еткен еңбектің жемісін көретін зейнеткерлік – бағалай білген адам үшін өте құнды кезең. Осынау керемет шақты отбасыңызбен, жақын-жуығыңызбен мәнді де мағыналы етіп өткізуіңізге тілектеспіз. Бала-шағаңыз-

дың қызығын көріп, адамгершілік пен кемеңгерлікті мәңгі серік етіп жүре беріңіз!», - деді ҚБМ Бас директоры М.Елеусінов.

Өз кезегінде Мұрат Манов жүрекжарды лебізін арнаған ұжымға бірлесе атқарған абыройлы қызметі үшін риясыз рақмет айтты. Сондай-ақ ол компаниядағы қауіпсіздік қызметінің жұмысы одан әрі де жан-жақты дамитынына сенім білдірді.

## I ВАХТА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) басшылығы I вахтаның еңбек ұжымына 2023 жылы атқарылған жұмыстар бойынша есеп беру кездесуін өткізді. Басқарма жұмысшыларға компанияның негізгі өндірістік, қаржы-экономикалық, коммерциялық, кадр және әлеуметтік салалары бойынша нәтижелерді таныстырды.

Кездесу былтыр атқарылған жұмыстар топтастырылған бейнеролик көрсетілімінен басталды. Одан соң ҚБМ Бас директоры Марат Елеусінов өндіріс бойынша жылдық жоспарды орындау кезінде кездескен кедергілерден ұйымшылдықпен жол тапқан еңбек ұжымына алғыс айтты. Бұдан бөлек ол компанияда мұнай өндіру көлемін арттыру мен жұмысшылардың еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағыты бойынша нәтижемен бөлісті.

Ал Бас директор орынбасарлары өз бағыттары бойынша негізгі көрсеткіштерді тарқатып айтты. Былтыр Қаражанбас кен орнында 2 053,0 мың тонна мұнай өндіріліп, жылдық жоспар 99,8 пайызға орындалды. Сондай-ақ геологиялық қор көлемі артты. Мұнайшылардың еңбек, тұрмыстық және әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар сәтті жалғасты. Нақтырақ айтсақ, автопаркті жаңарту бағдарламасы аясында жаңа техникалар алынып, жатақхана подъездеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ең бастысы ҚБМ-да қабылданған қауіпсіздік шаралары нәтижесінде өндірістегі жарақаттану мен жазатайым оқиғалар саны азайды.

Спикерлер баяндамасынан соң жұмысшылар басшылыққа сұрақтар қойды. Тараптар пікірлерді объективті талқылап, шешу жолдарын қарастырды. Басқарма еңбек ұжымына ең алдымен қауіпсіздік техникасын сақтаудың аса маңызды екенін ескерте отырып, биылға бекітілген жоспарды сәтті орындау үшін жұдырықтай жұмылудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

### НАЗНАЧЕНИЕ



По решению Правления АО «Каражанбасмунай», руководителем службы корпоративной безопасности компании назначен Бабакулов Куаныш Амангельдиевич.

Он окончил Актауский государственный университет им. Ш. Есенова по специальности «Экономика и менеджмент», Карагандинский государственный университет им. Е. Букетова по специальности «Юриспруденция». Имеет степень магистра

по специальности «Менеджмент и управление» Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан. Трудовую деятельность начал в 2001 году в ТОО «Мангистаумунара». Почти 20 лет работал на различных должностях в органах финансовой полиции и Антикоррупционной службы.

С 2023 года занимал должность ведущего инспектора Службы безопасности КБМ.

## МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН, МҰНАЙШЫ ҚЫЗДАР!



8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай «Қаражанбасмұнай» АҚ-да (ҚБМ) еңбек ететін ер-азаматтар мұнайшы қыз-келіншектерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Таң атысымен кен орны және орталық аппаратының нәзік жандылары құрметке бөленіп, құшағы гүлге толды.

Жылы лебіз, мерекелік марапаттар мен концерттік бағдарлама... Мұның бәрі өңірдің мұнай игеру компаниясының дамуына үлес қосып жүрген аруларға арналды. Бас директор Марат Елеусінов қиындығы мен қызығы қатар жүретін саланы серік еткен Қаражанбас қызғалдақтарын мейраммен құттықтап, олардың компания құндылықтарын насихаттаудағы кәсіби біліктілік пен жауапкершілігін ерекше атап өтті.

*«8 Наурыз – бұл сұлулық пен мейірімділіктің, әр отбасының ұйытқысы болып жүрген аяулы әжелер мен аналардың, күлімкөз қарындастардың мейрамы. Бір қолымен бесік тербетіп, бір қолымен өндірісті өркендетіп жүрген мұнайшы қыздар - құрметке нағыз лайық жандар. Алдағы уақытта да мол тәжірибелеріңізді тұтас ел игілігіне жұмсайтыныңызға кәміл сенеміз!»*, - деді М.Елеусінов.

Қаражанбаста барлығы 400-ге тарта мұнайшы-әйел еңбек етеді. Олардың 150-ге жуығы кен орнындағы өндірістік алаңдарда вахталық әдіспен жұмыс істейді. Ал орталық кеңседегі арулар әртүрлі департаменттерде жауапты қызмет атқарады. Жыл сайын игі дәстүр бойынша көрсетілетін құрмет мұнайшы қыздардың мерейін асқақтатып жаңа жетістіктерге жол ашады.



## ЛАБОРАНТ РОЗА - ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ!

ген белесті бағындырып, құрметті демалысқа шығып жатқан ұңғымаларды ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының (ҰҒЗӨЖЦ) лаборанты Роза Асанованың өнегелі еңбек жолы туралы әңгімелейміз.

Кейіпкеріміз алғашқы вахтаға осыдан 38 жыл бұрын келген. Содан бері мұнай құрамын талдайтын зертхана оның екінші үйіне айналды. Теориялық білімін аға буынның ақыл-кеңесімен толықтырып тәжірибе жинаған Роза, жұмысының қиындығынан гөрі қызығы басым болғанын айтады. Кейіпкеріміз жұмыс барысында мұнай

концентраттары мен қосалқы материалдарға, мұнай өнімдері мен қалдықтарына, қышқылдар мен тұздар құрамына күрделі талдау жүргізеді. Осылайша Роза Қаражанбас қойнауынан шыққан мұнай құрамын бес саусағындай жетік меңгерген.

*«Мен өмірімнің ең жарқын да маңызды, мағыналы сәттерін сүйікті қызметіме арнап, ұйымшыл ұжымдастар тапқанымашын қуаныштымын. Біз біртұтас отбасы ретінде Қаражанбастың гүлденуіне айтарлықтай үлес қостық деп ойлаймын. Зейнет демалысына ерекше құрметпен шығарып салып жатқан*

*әріптестеріме алғысым шексіз!»*, - дейді Р.Асанова.

Кәсібилік пен жауапкершілік, тиянақтылық пен табандылық, нәзіктік пен адамгершілік... Мұның бәрі білікті маман, тағылымды тәлімгер, үлгілі әріптес, адал дос Роза Асанованы сипаттайтын тіркестер. Таңдаған мамандығы мен бойындағы адамдық асыл қасиеттерді тең ұстаған жұмысшы сүйікті зертханасын ізбасар әріптестеріне табыстап, соңғы вахтасын сәтті тәмамдады. Оның Қаражанбасты дамытуға қосқан еселі еңбегі компания тарихында алтын әріппен таңбаланары сөзсіз.

Қаражанбас талай жас мұнайшыны кәсіби білікті маманға айналдырған қазыналы кен орын. Бозашының қою мұнайын игеруісіне араласып, ерлермен иық теңестіре еңбек етіп жүргендер арасында нәзік жанды қыз-келіншектер де бар. Халықаралық әйелдер күні қарсаңында еңбек де-



## МҰНАЙШЫ АРУЛАР АРАСЫНДАҒЫ QUIZ

Қаражанбаста 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай мұнайшы арулар арасында «Қазақша Quiz» зияткерлік ойыны өтті. Компания қызғалдақтары қызметтегі кәсіби қабілетінен бөлек, әртүрлі сала бойынша білімін сынға салып, ой жарыстырды.

7 кезеңнен тұратын ойынға өндірістік цехтардың үмітін арқалаған 6 қыз қатысты. Ойын ережесіне сәйкес, олар алдымен тест тапсырмаларын орындады. Одан соң жасырылған суреттер мен фильм атауларын тауып, викториналық сұрақтарға жауап берді. Осылайша өндірісте еңбек ететін нәзікжандылар мерекені ерекше форматта атап өтті.

«Бұл жай ғана ойын емес, мұнайшы қыздардың танымын кеңейтіп, жаңа идеялас достар тапқан шара болды. Аруларға көңіл бөліп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз.»,- деді қатысушылар.

Арулардың зияткерлік қабілеті паш етілген ойында ІІІ орын №1 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) геологы Жанар Қалдыбаеваға бұйырды. ІІ орынға материалдық техникалық жабдықтау базасының (МТЖБ) қызметкері Әсемгүл Тұрақбаева лайық деп танылды. Ал жүйріктер ішінен дараланған МТЖБ тауртанушысы Айгерім Бопилова куиз жеңімпазы атанды. Мұнайшы қыздар мақтау қағаздарымен, сыйлық сертификаттарымен марапатталды.

## МӘРТЕБЕСІ БИІК МҰНАЙШЫ ҚЫЗ



Тыныс-тіршілігімізге нәр беретін көктем мезгілі жарқын да шуақты мерекелерге толы. Әсіресе 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күнінде адамға өмір сыйлайтын ардақты әжелер мен аналар, нәзікжанды қыз-келіншектер, аяулы арулар мен қызғалдақтай қарындастар ерекше құр-

метке бөленеді. Мереке қарсаңында біз де Қаражанбаста ерлермен қатар қызмет ететін мұнайшы аруларды таныстырамыз.

Алтынай Асанова - электр цехының 5-дәрежелі релелік қорғау және автоматика аппаратурасын жөндеу электромонтері. Ол Жаңаөзен мұнай техникумында «Электромонтер», Ш.Есенов атындағы КМТ-ЖИУ-де «Электроэнергетика» мамандығы бойынша білім алған.

Ару ғұмырының 33 жылын қиын да қызықты салаға арнаған маман электр цехының тынысын бір кісідей білетін жү-

мысшы. Әр жылдары ол электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері болды, цех үйлестірушісі, іс жүргізуші, техник қызметтерін атқарды. Қазір Алтынай кен орнында электр құралдарына жоғары кернеулі сынақтар жүргізеді. Сондай-ақ істен шыққан құрылғыларды жөндеп, ретке келтіруге жауапты.

«Электр энергиясына қатысты жұмыстар ең алдымен техникалық білімді, тиянақтылық пен жауапкершілігі талап етеді. Жылдар бойы жинаған тәжірибе арқасында өз қызметімді абыроймен атқарып келемін. Қара-

жанбас мені маман ретінде шыңдаған мектеп. Қазыналы кен орнымыздың гүлденуі үшін әлі де тынбай еңбек етемін!»,- дейді А.Асанова.

Компанияның орталық кеңсесі мен кен орнында Алтынай сияқты саланың дамуына сүбелі үлес қосып жүрген жүздеген мұнайшы-әйел бар. Олардың бірқатары вахталық әдіспен отбасынан жырақта еңбек етсе, енді бірі кеңседе құжаттармен жұмыс істейді. Қаражанбас қызғалдақтарының даналығы, энергиясы мен елеулі еңбегі кез-келген қиындықты еңсеріп, өсу мен дамуға жетелейді.



## АМАЛ КЕЛДІ – ЖЫЛ КЕЛДІ!



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшылары жылдағы дәстүрмен қол алысып, төс қағысып көрісетін көктемнің көрікті мейрамы - Амалды ерекше қарсы алды. Таң атысымен кен орнында тігілген ақ шаңқан киіз үйлер мен әуезді әндер мұнайшыларды мерекелік көңіл-күйге бөледі. Вахтадағы жұмысшылар мен орталық аппарат қызметкерлері үлкендерге әдеппен сәлем беріп, алдыңғы буын өкілдері жастарға бата-тілегін арнады.

Амал ажарын кеңсе қызметкерлері арасындағы сайыстар аша түсті. Қыз-жігіттер «Ай-Керім – Сал-серім» байқауында қазақтың ұлттық киімдерімен сән көрсетілімін жасады. «Сегіз қырлы, бір сырлы» сайысында мұнайшылар өз өнерін көрсетуден сынға түсті. Сондай-ақ «Ыстық бауырсақ» жарысында департаменттер ұннан түрлі тағамдар дайындады. Сайысқа қатысушылар қатарластарынан оза шабу үшін бар шеберлігін паш етті.


Биылғы мейрам Рамазан айымен тұспа-тұс келгендіктен, кен орнындағы киіз үйлерде еңбек ұжымына ауызашар дастарханы жайылды. Қонақтар қатарын «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, ҚБМ Басқармасы, қос кәсіподақ төрағасы толықтырды. Олар мұнайшыларды қазақтың жаңа жылымен құттықтап, бірлік пен ынтымақты ту еткен еңбек ұжымына толағай табыс тіледі.

Вахталық кенттегі мереке ұлттық ойындармен қыза түсті. Қаражанбастықтар асық ату, арқан тарту, ләңгі тебу, қой көтеруден сайысып, балуандар боз кілемде белдесті. Жанкүйерлер қолдауы әр қатысушыға жігер беріп, жеңіске бір табан жақындатты.

Амалды жарқын көңіл күймен қарсы алып, жарыста жүзден жүйрік шыққандарға мақтау қағаздары мен сыйлық сертификаттары табыс етілді. Ал кеңсе қызметкерлері арасына үздік атанғандар есімі Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында белгілі болады.



## БАҚ-БЕРЕКЕМ, ҚҰТ-МЕРЕКЕМ – ӘЗ-НАУРЫЗ!



Қаражанбас кен орнының мәдени-демалыс орталығында Амал мейрамынан бастау алатын Ұлыстың Ұлы күніне орай мерекелік концерт өтті.

Қазақтың жаңа жылына арналған салтанатты шара былтыр компанияның жан-жақты дамуына үлес қосқан үздіктерді марапаттаумен басталды. «№1», «Жаңа чемпион», «КВМ art prize», «Ізгі жүрек», «Ынтымақ», «Жыл жаңалығы» аталымдарына

лайық деп танылған мұнайшыларға арнайы статуеткалар мен дипломдар табыс етілді.

Одан соң Н. Жантөрин атындағы облыстық музыкалық драма театры әртістері қаражанбастықтарға өнерден шашу шашты.

Өнерпаздар алдымен қос мейрамның ежелгі тарихы мен мағынасы жайлы көрініс сахналап, тақырыпқа сай жалынды жырлар оқыды. Сах-

нада шырқалған әуезді әндер әдемі көрініспен ажарланды.

Көңілді мейрам кеш қонақтарының концертіне ұласты. Мұнайшыларды құттықтауға арнайы келген эстрада әншілері Жұбаныш Жексенұлы мен Әділет Жауғашар қаражанбастықтарға хит әндерін шырқады. Мерекені жоғары деңгейде тойлаған жұмысшылар керемет кештен ерекше әсермен тарқасты.



## ТӨРЛЕТ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) ұжымы Ұлыстың Ұлы күні әз-Наурызды сән-салтанатпен атап өтті. Орталық кеңсе қызметкерлері қазақи нақышта киініп, дәстүр бойынша әуезді әндер шырқалды, күй күмбірлеп, айнала ерекше көңіл-күйге бөленді. Театр әртістерінің сахналық қойылымы мен концерттік бағдарламасы думанның ажарын аша түсті.

Іс-шарада жұмысшылар құрметке бөленіп, бір қатары облыс әкімінің алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ амал күні өткен сайыстың қорытындысы жарияланып, жеңімпаз және жүлдегер департаменттер марапатталды. Бұдан бөлек, «Ынтымағы жарасқан» және «Жыл жаңалығы» аталымдары бойынша ҚБМ үздіктері анықталды. Мерекеде марапат алғандарға дипломдар мен арнайы сыйлықтар, статуеткалар табыс етілді.

Әз-Наурызда спорттық ойындар да назардан тыс қалмады. Қызметкерлер ләңгі тебу, қол күрес, кір тасын көтеру бойынша бағы мен бабын сарапқа салды. Көрікті көктеммен ілесе жеткен мейрамға орай ақ дастархан жайылып, қаражанбастықтар ұлттық тағамдар мен сусындардан дәм татты.

Ұлыстың Ұлы күні - дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Осылайша тарихи тамыры тереңге бойлаған Наурызда жұмысшылар бір-біріне шынайы көңілден амандық, молшылық пен жақсылық тілеп, жүрекжарды лебізін арнады.

## ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ҚАЗАҚША «QUIZ»



Тосын сұрақ, терең білім мен ұшқыр ой...

Қаражанбастың I вахта жұмысшылары қазақша «Quiz» зияткерлік ойынына қатысты. Сайысқа білімі мен

ой ұшқырлығын сынға салуға әр түрлі цехтардан 7 құрама команда келді. Олар «Жас маман» кеңесі мүшелерінің дайындаған тапсырмаларын орындап, викториналық сұрақтарға тез әрі дұрыс жауап беруге барын салды.

Ойын 10 кезеңнен тұрды. Мұнайшылар тарихи тұлғаларды, кино және күй атауларын, ел астаналарын тауып, жылдамдыққа тест орындап, кроссворд шешті. Ұлттық құндылық, салт-дәстүр, Маңғыстау мен Қаражанбас тарихына қатысты сұрақтар да назардан тыс қалмады. Ойын

арқылы жұмысшылардың әріптестік қарым-қатынас артып, ұжымдық рух нығая түсті.

«Quiz» нәтижесі бойынша, III орынды өндірісті автоматтандыру цехы (ӨАЦ) мен қабат қысымын ұстау цехының (ҚҚҰЦ) жігіттерінен құралған «Ұшқыр ой» командасы жеңіп алды. Ал II сатыға газ цехының (ГЦ) «Метан» командасы жайғасты. Чемпиондық атаққа жобалау-металдық бөлімнің (ЖСБ) «Сәулет» командасы лайық деп танылды. Жүлдегерлер мен жеңімпаздарға диплом мен естелік сыйлықтары табыс етілді.

## «САЛТ-ДӘСТҮРІМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»



Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында Қаражанбас кен орнында II вахта мұнайшыларының білімі мен зияткерлік қабілетін сынға салатын «Салт – дәстүрім асыл қазынам» атты танымдық-зияткерлік ойыны өтті. Сайысқа өндірістік цехтардан 6 жұп қатысып, 5 кезең бойы қолданыстағы және байырғы салт-дәстүр, жөн-жоралғылар мен ырым-тыйымдар бойынша білімін ортаға салды.

Жарыс салт-дәстүрге байланысты сұрақтарға жауап беруден басталды. Артынша қатысушылар ұлттық спорттық ойындар жасырылған ребустарды шешті. Қатысушылар әр кезең сайын ұпайларын еселеп, намысты қолдан бермеуге барын салды. Бұдан соң олар дәстүрлі әндер мен күйлерден үзінді тыңдап, атауларын табуға тырысты. Сондай-ақ бейне

сұрақтарға жауап беріп, ұмыт болған салт-дәстүрлердің мән-мағынасын ашты.

«Сайыс өте тартысты болды. Күнделікті өмірде естіп-көріп жүрген ырым-тыйым, жөн-жоралғыларға кейде аса мән бермейді екенбіз. Дегенмен бар білімімізді паш етіп, ұмытқанымызды еске түсірдік. Мұндай шаралар біздің білімімізді шыңдап, ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеуге ерекше үлес қосады. Ұйымдастырушыларға көп рақмет! Мереке құтты болсын!», - деді қатысушылар.

Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда. Бәсекеге толы ойын кіл мықтыдан шын мықтыларды анықтады. Ұпай саны бойынша үздік үштікті мұнай дайындау және айдау цехының (МДАЦ) жігіттері түйіндеді. Екінші орынға қауіпсіздік және еңбекті

қорғау бөлімінің (ҚЖЕҚБ) қатысушылары ие болды. Ал бағы мен бабы қатар шапқан өндірісті автоматтандыру цехының (ӨАЦ) ойыншылары сайыс жеңімпазы атанды. Ең бастысы жұмысшылар ұлттық құндылықтарымыз хақындағы ақпараттарға қанық болып, көне ғұрпымызға қатысты мәліметтерді көңіл сандығына түйіп қайтты.







## ҚБМ МҰНАЙШЫСЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшысы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) компаниялар тобы қызметкерлері арасында өткен «Кәсібім – менің мақтанышым» шығармашылық байқауында топ жарды. №3 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) операторы Жомарт Әскербаев «Үздік фотосурет» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

Байқау «Үздік әңгіме», «Үздік бейнеролик», «Үздік фотосурет» аталымдары бойынша ұйымдастырылды. Ережеге сәйкес әр үміткер ұсынған жұмысында өз қызметін барынша ашып таныстырды. Қатысушылардың идеясы мен креативіне шек қойылмай, шығармашылық қабілетіне баса назар аударылды.

Жомарт Әскербаев Қаражанбаста 12 жылдан бері жұмыс істейді. №3 мұнай

өндіру цехының операторы күнделікті өндіріс көлемінің орындалуын, сорапқысымын және ұңғымадағы барлық жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін бақылауға жауапты. Ол жұмыс барысынан түсірілген фотосуреттерін байқауға ұсынып, арнайы комиссияның оң бағасынан үлесті болды.

Айта кетейік, Жомарт өндірістен бөлек кен орнындағы барлық мәдени-спорттық шараларға белсенді қатысады. Жұмыстан тыс ол цех пен компанияның волейбол командасында ойнайды. Сондай-ақ поэзия мен проза оқып, ән салады. Бойына бірнеше талантты сыйдырған мұнайшы нағыз сегіз қырлы, бір сырлы маман.



## КЕН ОРНЫНДА АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ



Қаражанбаста жыл сайын Рамазан айы кезінде еңбек ұжымына ауызашар беру дәстүрге айналған. Биыл да игі бастама жалғасын тауып, кен орны асханаларында I вахта жұмысшыларына мол дастархан жайылды. Компания басшылығы жұмыс

күнін сәтті аяқтаған мұнайшылармен бірге ауыз ашып, ел мен жердің тыныштығын тілеп, дұға жасады.

«Рамазанда адамның жан-дүниесі мен ойы тазарып, сабырлы болуға ұмтылады. Қайырымдылық пен ізгілік дәріптелетін қасиетті айда ұжым болып ауыз ашу татулығымыздың белгісі. Біздің жұмысшылардың жыл бойы игі істің жанынан табылып, мұқтаж жаннан мейірімін аямайтыны қуантады. Қасиетті айда тілеген дұға-тілектер қабыл болсын!», - деді басшылық.

Рамазан айында сауаптар еселеніп, ірілі-ұсақты күнелер



кешіріледі. Сондықтан бұл айда адамдар жақсылық жасап, садақа беруге ұмтылады. Ауызашарға жиналғандарға осы турасында насихат сөздер айтылды. Жұмысшылар рухани отырыстан ерекше әсер алып қайтты.

## ҚАРАЖАНБАС БАЛУАНЫ ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшысы Самбодан Қазақстан Республикасы чемпионатында топ жарды. Технологиялық көлік департаментінің (ТҚД) цементтеуші агрегат моторисі Бауыржан Есболаев Түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанда спорт шеберлері арасында

да өткен додада жүзден жүйрік шығып, алтын медальға ие болды.

Жарыста еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген балуан бақ сынады. 64 келі салмақта өнер көрсеткен қаражанбастық мұнайшы 4 кездесу өткізді. Үздіксіз дайындық пен жеңіске деген ұмтылыс арқасында Бауыржан қарсыластарынан оқ бойы озық шықты. Осылайша ол тұтас еңбек ұжымы мен маңғыстаулықтардың сенімін ақтап, Қаражанбас чемпиондарының қоржынына тағы бір медаль салды.

Жарыста жасындай жарқыраған жеңімпаз мамыр айында өтетін Азия чемпионатына жолдама алды. Аталмыш додада Бауыржанды бәйгеге қосқан Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің шебері, Маңғыстау облысы бойынша Самбо күресінен ардагер спортшылардың бапкері Сәндібек Дүйсенбеков те бақ сынады. Қаражанбастық қос балуан алдағы бәсекелерге жаттығуларын пысықтауға кірісіп кетті.

## ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ЗИЯТКЕР МҰНАЙШЫЛАР БӘСЕКЕСІ



Қаражанбас кен орнында жыл басы білімді де ұшқыр ойлы мұнайшылар бәсекесімен басталды. Көктемгі мейрамдарға орай дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Ғажайып алаң» зияткерлік ойыны бұл жолы ұлттық салт-дәстүрлер тақырыбына арналды. Білімділер бәсекесіне арнайы қатысқан Өндірістік басқарма басшылығы қаражанбастықтарды Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, үміткерлерге сәттілік тіледі.

Ойын үш кезеңнен тұрды. Іріктеу сайыстарына өндірістік цехтардан барлығы 9 жұмысшы қатысып, өзара мықтыларды анықтады. Мұнайшылар барабан секторларындағы көп ұпайды иеленіп, жасырылған әріптерді ашуға барын салды. Ал құпия сөзді толық тапқан қатысушы іріктеуде үздік атанып, ақтық кезеңге жолдама алды.

Зияткерлік сайыс лотерея ойынымен ерекшеленді. Әр кезеңнен кейін қапшықтағы сандарды шығару арқылы көрермендерге түрлі сыйлықтар табысталды. Ал электр цехының шебері Бекіш Күбіков қарсыластарынан оза шауып, ұпай санымен алға шықты. Бағы мен бабы қатар шапқан жұмысшыларға сыйға берілген тұрмыстық техникалар, электронды құралдар мен өзге де қажетті бұйымдар қаражанбастықтардың зияткерлік ойынға қызығушылығын еселей түсті.



## ЗЕЙНЕТ – АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

Қазыналы Қаражанбастың даму тарихы білімі мен тәжірибесі мол мұнайшылардың ерен еңбегімен таңбаланып келеді. Жалынды жастығы мен өмірінің маңызды кезеңдерін кен орнында өткерген жұмысшылар бүгінде тұтас ұжымға үлгі. Құрметті демалысқа шығып, зейнеткер атанып жатқан қаражанбастықтар қай кезде де әріптестер ықыласына лайық.

Алпыстың асқарын бағындырғандар қатарында технологиялық көлік департаментінің (ТҚД) көлік жүргізушісі Жайық Сүйіндіков пен

жылжымалы бу қондырғысының машинисі Нұрберген Қалиев бар. Өндірістік Басқарма директоры Кәрім Бозахаров қос жұмысшыны мерейлі жасымен құттықтап, қызметтегі адалдығы, жұмысқа жауапкершілігі үшін алғыс айтты. Өз кезегінде ТҚД №2 гараж ұжымы әріптестеріне жылы лебізін арнап, өмірдің жаңа кезеңіне сәттілік тіледі.

Үзеңгілестерінің қатарын толықтырып, еңбек белесін бағындырғандардың бірі - Қалнияз Тұрғанбаев. Ол Қаражанбас кен орнының қабат қысымын ұстау цехында (ҚҚҰЦ) 28

жылдан бері табан аудармай еңбек етті. Білікті оператор үшін күн сайын ұңғыманың қысымын, температурасын тексеріп, мәліметтерді жинақтау өмір салтына айналған. Ол осы іс арқылы маңызды өндірістік цех жұмысын алға жылжытуға сүбелі үлес қосты.

Өндіріс алаңдарындағы қиын да қызықты қызмет еңбек адамдарының мәртебесін асқақтата түседі. Маңдай терін төгіп атқарған адал еңбегін еліне арнаған еңселі ерлерге құрмет қашан да ерекше болмақ.





## ЗЕЙНЕТ – ҚЫЗМЕТ ЖЕМІСІ



Зейнетке шығу – үйреншікті өмір салтының бұзылуы емес, берекелі ғұмыр бастауы. Өйткені маңызды өмірлік тәжірибе мен ұзақ еңбек жылдары артта қалып, адам ғұмырының мағыналы кезеңі маңызды сәттерге ұласады. Қаражанбаста өндірісті дамытып, қызмет деген белесті бағындырғандар қатарын №1 мұнай өндіру цехының операторы (МӨЦ) Оразғали Жұмағұлов пен технологиялық көлік департаментінің (ТКД) дәнекерлеушісі Асылбек Нығыметов толықтырды.

Оразғали Жұмағұлов 40 жылға жуық уақыт бойы мұнай өндіру операторы болып табан аудармай еңбек етті. Ол әр жұмыс күні топтық қондырғы аумағында, жұмыс бригадасының құрамында өндіріс көлемінің орындалуын, сораптар қысымын және ұңғымадағы барлық жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін асқан жауапкершілікпен, тиянақтылықпен бақылады. Ісіне адалдық танытып, алдыңғы буыннан көрген-түйгенін жас мұнайшыларға үйреткен жұмысшы құрметті демалысқа абыроймен аттанды.

Алпыстың асқарын бағындырғандар қатарында Асылбек Нығыметов те бар. ТКД-нің он саусағынан өнер тамған электргаздәнекерлеушісі Қаражанбастағы қызметін осыдан 13 жыл бұрын бастаған. Темірден түйін түйген хас шебер жабдықтарды біріктіріп, өндірістің дамуы жолында тер төккен білікті маман.

Өмірдің маңызды кезеңіне қадам басқан қос мұнайшы еңбек ұжымының құрметіне бөленді. Әріптестері олардың алдағы өмір белестеріне сәттілік тілеп, құрметті демалысқа салтанатпен шығарып салды.

## ЕР ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ



Еліміздің қарыштап дамуы үшін қоғамның сан саласында қызмет етіп жүрген еңбек адамының әрқайсысы ерекше құрметке лайық. Әсіресе жер қойнауынан қара алтын игерумен айналысатын мұнайшылар экономиканы алға сүйрейтін қозғаушы күш. Солардың бірі өмірінің 37 жылын Қаражанбас кен орнымен байланыстырған №1 мұнай өндіру цехының операторы Бақытжан Қашақов.

Кейіпкеріміз компаниядағы қызметін қатардағы слесерь-жөндеуші

болып бастаған. Топтық қондырғы аумағындағы ұңғымаларға қызмет көрсетіп, істен шыққан сораптарды жөндеумен айналысқан Бақытжан жыл өткен сайын тәжірибесін шыңдап, өз ісінің шеберіне айналды. Кейін қызметін мұнай және газ өндіру операторына ауыстырып табысты еңбек етті. Мұнайшы жұмыс барысында кәсіби жетістіктерімен көзге түсіп, сан мәрте алғыс хат, құрмет грамоталары және медальдармен марапатталған.

«Қаражанбас мыңдаған мұнайшының берекелі еңбек ордасына, тіпті екінші үйіне айналған қазыналы мекен. Мұнда біз Бозашы түбегінің қара алтынын өндіру үшін күні-түні тынымсыз тер төктік. Ұйымшыл ұжыммен бір үйдің баласындай тату қызмет етіп, ортақ абыройымызды арттырдық деп ойлаймын. Қаражанбас еңбек ұжымының әлі де алар асуы алда екеніне кәміл сенемін», - дейді Б.Қашақов.

Уақыт жүйрік аттай зулап, Бақытжан Қашақов өмірінің қызмет деген тарауын қорытындылайтын кезеңге жетті. Құрметті демалыс алдында оған Өндірістік Басқарма басшылығы мен цехтағы ұжымдастары ерекше құрмет көрсетті. Адамдық асыл қасиетімен дараланып, мамандығының майталманы атанған мұнайшының жүріп өткен өнегелі еңбек жолы өндірістегі әр жас маманға үлгі.

НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН

**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!****60 жас****14.03.1964 жыл, Өтесінов Наурызбай***№3 Автотізбек моторисі***15.03.1964 жыл, Мұсағалиев Сайын Кумурзақұлы***ӨАЦ слесарі***16.03.1964 жыл, Ербосынов Ғалымжан Рахымжанұлы***№1 автотізбек жүргізушісі***18.03.1964 жыл, Мысабаев Ерболат Ахметұлы***№3 автотізбек жүргізушісі***18.03.1964 жыл, Қырықбаев Бисенбай Қайролұлы***Объектілер қауіпсіздігі бөлімінің жетекші инспекторы***20.03.1964 жыл, Мыңбаев Қанат Тергеубайұлы***Жөндеу-механикалық цехының слесарі***21.03.1964 жыл, Заркулов Жаңабеген Сарыұлы***№3 Автотізбек моторисі***23.03.1964 жыл, Тұякбаев Қыдырқожа***№1 автотізбек жүргізушісі***24.03.1964 жыл, Туманшаев Ғабдулла Иманқалиұлы***№6 Автотізбек жүргізушісі***25.03.1964 жыл, Қалмағамбетов Байжан Күрманұлы***БЖҰЖЖ механика қызметінің басшысы***50 жас****02.03.1974 жыл, Өмірзақов Амантай Исаұлы***Құрылыс-жөндеу цехының гидроизоляция айырушысы***03.03.1974 жыл, Ажибаев Ербол Орынұлы***№3 МӨЦ операторы***18.03.1974 жыл, Ерназаров Мұратбай Орынбайұлы***№4 автотізбек машинисі***19.03.1974 жыл, Құлманов Садыр Ізтұрғанұлы***ЖИЖЦ токарі***24.03.1974 жыл, Өтегенов Сүйеніш Райзүккұлы***№5 автотізбек жүргізушісі***24.03.1974 жыл, Қайдаров Бекболат Әдебиетұлы***№3 МӨЦ шебері***31.03.1974 жыл, Байзулаев Сейітқазы Қаржаубайұлы***Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік төлемдерді орындау бөлімінің маманы***Құрметті мерейтой иелері!***Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,**Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.**Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,**Артылып абыроймен беделіңіз!***БӨЦ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ СПОРТ БӘСЕКЕСІ**

«Қаражанбасмұнай» АҚ бу өндіру цехының (БӨЦ) еңбек ұжымы вахта-аралық демалыстан соң Ұлыстың Ұлы күніне орай өзара спорт жарысын өткізді. II ауысым жұмысшылары арқан тарту, ләңгі тебу және шағын футболдан турнир ұйымдастырып, әріптестік қарым-қатынасты нығайтты.

Цехішілік додада машинистер, аппаратшылар, слесарьлар мен инженерлік-техникалық жұмысшылар өзара командаларға бөлініп, жарысқа ерекше ынтамен қатысты. Арқан тартуда қара күш пен командалық рух сыналса, ләңгі тебуге ептілікке назар аударылды. Ал футбол командалары тактика мен техниканы шебер байланыстыруға тырысты.

Жұмыстан тыс уақытта салауатты өмір салтын ұстанатын мұнайшылар жарыс алаңында жасындай жарқырады. Ләңгі тебуге бу генераторлық қондырғысының (БГҚ) машинисі Берекет Нұрғабылов жеңімпаз атанса, арқан тартудан инженерлік-техникалық жұмысшылар алдына жан салмады. Аяқдоп бәсекесінде МБГҚ командасы жеңіс тұғырынан көрінді.

**QARAJANBAS****«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ  
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ****Шығарушы:**

«Қаражанбасмұнай» АҚ

**Мекен-жайы:**130000 Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,  
4 ғимарат**Шығарылымға жауаптылар:****Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс  
департаменті Директорының орынбасары**  
Телефон: 8 (7292) 473871  
E-mail: M\_Sebasov@kkm.kz**Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы**  
Телефон: 8 (7292) 473072  
E-mail: A\_Tuzelbay@kkm.kz**Исаев А.Р. – журналист**  
Телефон: 8 (7292) 473002  
E-mail: A\_Issayev@kkm.kzГазет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,  
№15740-Г куәлігі берілгенГазет ай сайын шығады  
Таралымы 500 дана.Газет «Жарқын Ко» ЖШС  
баспаханасынан шықты.**Мекен-жайы:**010000, Қазақстан Республикасы,  
Астана қаласы, Абай данғылы, 57/1  
Тел.: 8 (7172) 21 50 86  
Сайт: www.zharkyn.kz